



**ҚАЗАҚ ТІЛІН БАСҚА ПӘНДЕРМЕН КІРІКТІРЕ ОҚЫТУДА  
АКСЕОЛОГЕМАЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫНЫҢ ТИІМДІ ЖАҚТАРЫ**

Қалқамжай Ж.Т.

1-курс магистранты

Ғылыми жетекші: Жолшаева М.С. ф.ғ.д., СДУ профессоры

С.Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада қазақ тілін басқа пәндермен кіріктіре оқытуда аксеологемалардың қолданылуының тиімді жақтары қарастырылды. Қазақ тіліндегі аксеологемалардың ұлттың өзіндік ерекшелігі, ұлттық мәдениеттің өзгешелігі, ұлттық тілдің байлығы, ұлттық нақыш, ұлттық салт-дәстүрлердің ерекшеліктері функционалды-семантикалық тұрғыдан жіктеліп, айқындалды. Аксеологемаларды білудің мынандай артықшылықтары бар: біріншіден, санадағы әлем бейнесін тереңірек тануға мүмкіндік береді; екіншіден, тілдің ұлттық ерекшеліктерін айқын тануға жол ашады; үшіншіден, тілдік ерекшеліктерді семиотика деңгейінде терең тануға мүмкіндік береді. Бұл ерекшеліктер қазақ тіліндегі фразеологизмдердің, мақал-мәтелдердің және сөздердің семантикасында анық байқалады. Тілдегі осындай тіл бірліктерінің бойындағы ерекшеліктерді жақсы тану білімді игерудің деңгейін жоғарылатады, халықтың танымын, мәдениетін білуге жол ашады. Осы білімдерді әр салаға қарай икемдеу арқылы қазақ тілін басқа пәндермен интеграциялай оқыта аламыз. Мақалада қарастырылатын мәселе – қазақ тілін оқыту әдістемесінің өзекті мәселелерінің бірі. Қазір қазақ тілін басқа пәндермен кіріктіре оқыту, талдау мен терең зерттеу маңызды болып отыр. Осы мәселелерді ескере отырып, біз қазақ тілін басқа пәндермен кіріктіре оқытуда аксеологемаларды бірінші кезектегі мәселелердің бірі деп есептей аламыз.

*Түйін сөздер:* құндылық, аксеологема, интеграция, фразеологизм, мақал-мәтел, кіріктіре оқыту.

## ҚАЗАҚ ТІЛІН БАСҚА ПӘНДЕРМЕН КІРІКТІРЕ ОҚЫТУДА АКСЕОЛОГЕМАЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫНЫҢ ТИІМДІ ЖАҚТАРЫ

Философиялық, психологиялық, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «құндылық», «адамгершілік құндылық», «жалпы адамзаттық құндылық» ұғымдары туралы түсінік берілген. Аксиология философиялық зерттеу мен оны талдауы бойынша болмыс ұғымының екі элементке ыдырауынан туындайды: құндылық және нақтылық, талап және ұмтылыс.

Аксиология ғылымының мақсаты – болмыстың, жалпы құрылымындағы құндылық мүмкіндігін және оның нақтылық ойының айғақтарына деген түсінігін, қатынасын, байланыстарын көрсету, ұғымдарын қалыптастыру. Қорыта келгенде, аксиология – құндылықтар табиғаты туралы, оның шынайы өмірдегі орны және құндылықтар әлемінің құрылымы туралы, әлеуметтік және мәдени факторлармен түрлі құндылықтардың өзара байланысы туралы философиялық ілім. Аксиологияның негізгі маңызды үш компоненті бар. Олар: құндылық, стереотип және норма. Бұл аталған үш компонент те бағалау категориясымен тығыз байланысты. Баға – адам баласына тән логикалық категория болып табылады. Табиғаттағы басқа жанды-жансыз заттарға бұндай қасиет тән емес. Кез келген затты адам оның тиімді-тиімсіздігіне қарай жақсы/жаман деп бағалай алады. Осы жағдайдан бағалаудың адамның іс-әрекеті мен санасына тәуелді екендігін көреміз. Бағалау тек әлеуметтік емес, сонымен қатар адам санасымен бірге пайда болатын психикалық құбылыстардың қатарына жатады. Сол себепті де: бағалау дегеніміз = тіл + ойлау + шындық немесе ақиқат (реальды өмір) трихотомиясының нәтижесі болса, ал бағалаудың семантикалық категориясына бағалаушытық жатады. Сондықтан да баға – адам санасында үнемі тоқтаусыз жүріп жататын процесс және ол адамның ойлау қабілеті арқылы іске асатын

интеллектуалды-психикалық акт болып табылады [2, 63]. Адам әлемді өзінің туған мәдениетінде үрдіске айналған құндылықтарға, қарым-қатынастарға сай көріп, қабылдайды. Сондықтан адамдардың әлем туралы түсінігі әрқалай және қандай мәдениетте туып, тәрбиеленгеніне тығыз байланысты болады. Осыдан келіп белгілі бір халыққа не оның мәдениетіне тән жалпыланған қасиеттерді танушы этномәдени стереотиптер қалыптасады. Стереотип – өзге индивидтердің мінезіндегі қасиеттерге, оқиғаларға, құбылыстарға, заттарға қатысты адамдардың «әдеттегі, қалыпты білімі». Сол себепті де стереотиптер бар және кеңінен қолданылады. Олар нысанның сипаты мен әлеуметтік құрылымдағы орнына қарай топтық, кәсіби, этникалық, белгілі бір жасқа тән деген түрлерге бөлінеді. Стереотиптердің қалыптасуы мен қызмет етуінде эмоцияның алатын орны ерекше. Эмоционалдық баға қандай да бір талапқа сай затты көргенде белгілі болады. Эмоцияға қарап сөз нысанның индивид үшін қаншалықты маңызды екенін байқауға болады. Сондықтан да стереотипке не жағымды баға, не жағымсыз баға беріледі. Адам санасы үздіксіз баға беруден арылу үшін, мида стереотиптену процесі жүреді. Стереотип қандай да бір шындықты астарлай отырып, оның шегін де білдіре алады. Бұған «стереотип-мәтелдерді» мысал ретінде айта аламыз. Жылдар бойы халықтың ой елегінен, ойлау жүйесінен өтіп, екшеленген, ұлттық болмыс, танымның бағалау өлшемдеріне сай келетін мақал-мәтелдердің бойында бағалаушылық сипат бар. Мақал-мәтелдердің адамның мінез-құлқына, іс-әрекетіне, қарым-қатынасына т.б. қасиеттеріне баға бере алу мүмкіндігі зор. Мақал-мәтелдер – бағалаушы, бағалап сипаттаушы элементтер. Жалпы жинақтап айтқанда, құндылық – адамның тіршілік етуі мен өмір сүруіне қажетті мәдени және рухани нормалардың жиынтығы. Ұлттық құндылықтар – ұлттың өзіндік ерекшелігі, ұлттық мәдениеттің өзгешелігі, ұлттық тілдің байлығы, ұлттық нақыш, ұлттық салт-дәстүрлер, т.б.

Сонымен, қазақ танымындағы құндылықты, бағалауды көрсететін тілдік бірліктерді басқа пәндермен кіріктіре оқытуда қалай қолдана аламыз? Осы сұраққа жауап іздейік. Жалпы педагогикалық интеграция процесс ретінде объектілер арасында тікелей байланыс орнату және күтілетін нәтижеге сәйкес жаңа тұтас жүйені құру болып табылады. Интеграцияның бағыттары деп оның мақсатты мағынасын түсіну әдетке айналған. Басқалардың арасында мұндай бағыттар болуы мүмкін: - таным тақырыбын кеңейту және тереңдету; - оқыту технологиясын өзгерту; - таным пәнінің тар аспектілі көрінісін жеңу; - оқушының жеке басының дамуы үшін салыстырмалы түрде қолайлы жағдай жасау; - оқушылар мен мұғалімдердің дамуын жеделдетуді ынталандыру. Осы бағыттарды төмендегі аксеологемаларды кіріктіре оқытуда жүзеге асыра аламыз. Қазақ халқы өзіндік ұлттық ойлау ерекшелігі – дүние шындығын көркем образбен қабылдауы, шешендік сөз өнерін ұлт менталдығы ретінде көрсетуі, көшпелі өмір салты – бәрі тілі арқылы, соның ішінде бағалау мәнді фразеологизмдер арқылы қазақтың психологиялық болмысын танытып тұр. Психологтар сезім мен эмоцияны екі түрлі құбылыс деп қарастырады. Қолданыста бұл екеуі бір-біріне синоним ретінде жүр. Бірақ бұлар екі түрлі құбылыс, әрі бірін-бірі толықтырып тұрады. Сезім адамның қажеттілігіне сыртқы дүниенің сәйкес келу, келмеу нәтижесінде пайда болса, эмоция адамның сезімі арқылы түрлі қажеттіліктерінің орындалуы барысында пайда болатын ұнамды, ұнамсыз реңктер. Оларға қанағаттану, қанағаттанбау, қуаныш, реніш, қайғы, үрей, ашу, т.б. жатқыза аламыз. - Ашулану: көзі шатынау, қабағынан қар жауу, оқ жыландай ысқыру, жауар бұлттай түнеру, кірпігінен қырау таму, қабағына қырау қату, шалқасынан түсу, т.б.- Қорқу: көзі шарасынан шығу, екі көзі алақандай болу, жүрегі тас төбесіне шығу, шыбын жаны шыға жаздау, т.б. [3, 63]. Енді осы тілдік бірліктерді басқа пәндермен интеграциялай оқытуға бола ма? Болса, қалай? Осы сұрақтарға жауап іздеп

көрейік. Бұл тілдік бірліктердің астарында көптеген ғылыми ақпараттар жатыр. Осы ақпараттарды биология пәнін өткен кезде қолданып, пәннің «Ішкі секреция бездері», «Ас қорыту бездері», «Генетиканың даму тарихы» тақырыптарымен қабыстыра аламыз. Биология ғылымында адреналин деген термин бар. Адреналин – бұл адам ағзасындағы гормон, бірақ ол өз кезегінде нейротрансмиттер болып табылады. Бұл дегеніміз – бұл мида (нейротрансмиттерде) де, организмнің қалған бөлігінде де (гормон) функцияларды орындайтын химиялық зат. Қалыпты жағдайда организмде адреналин бөлінбейді. Адреналиннің қанға жетуі және оның қызметін атқаруы үшін мидың қоздырғыш тітіркендіргішті қабылдауы қажет. Біз адреналинді өте тез және тиімді реакцияны қажет ететін жағдайды қабылдаған кезде ғана шығарамыз. Егер ми осы түрдегі тітіркендіргішті қабылдамаса, ацетилхолин бөлінбейді және ол адреналинді шығармайды. Осылайша, адреналин – бұл бізге ұрыс / ұшу реакциясы деп аталатын жылдам әрекеттерді жасауға мүмкіндік беретін гормон. Мысалы, егер сіз көшеде тыныш жүрсеңіз, бірақ кенеттен сізге жақын арада шабуыл жасайтын итті көрсеңіз, денеңіз автоматты түрде адреналиннің жоғары бөлінуімен жауап береді. Біз жылдам, қарқынды және тиімді іс-әрекеттерді орындауымыз керек болған кезде, қан ағзадан жоғары жылдамдықпен айналуы керек. Адреналин бета-рецепторлармен байланысып, жүрек соғу жиілігін жоғарылатады, қанның көп мөлшерін айдайды, бұлшық еттерді оттегімен жақсы тамақтандырады және оларға көп күш жұмсауға мүмкіндік береді. «Жүрегі тас төбесіне шығу», «жүрегі аузына тығылу», «жүрегі алып ұшты», «жүрегі аттай тулады», «жүрегі солқ етті», «жүрегі зу ете түсті» деген фразеологизмдер тура мағынасында биология ғылымымен байланысты. Жүректің қорыққанда қатты қозғалуы осы адреналин гормонының бөлінуінен болады. Қазақ тіліндегі осы тілдік бірліктер биология пәнімен байланысты осы ақпараттарды беріп тұр. Эпинефрин

альфа рецепторларына жабысқанда ирис кенейткішінің жиырылуы жүреді. Бұл факт көз қарашығының кеңеюіне айналады, сондықтан көздің рецепторларына көп жарық енеді, көру қабілеті артады және біз айналада болып жатқан оқиғалар туралы көбірек білеміз. Төтенше және қауіпті жағдайларда қарашықтардың кеңеюі сергек болу және ұрыс/ұшу реакцияларының тиімділігін арттыру үшін маңызды. «Көзі шарасынан шығу», «екі көзі алақандай болу» деген тұрақты тіркестерді де биология пәнімен тікелей байланыстыра аламыз. Бұл тілдік бірліктерде де ғылыми негіздеуге болатын ақпараттар бар. Қазақ тілінің осы тілдік бірліктерін биология пәнімен кіріктіре оқыта аламыз. Енді бауырға тоқталайық. Қазақ тілінде бауыр туыстық атауды білдіреді. Дәстүрлі ортада бір әке-шешеден туған, жақын немере, туысқан адамдар бауыр деп аталады. Бір әкеден, бір анадан туған ағайынды адамдарды бірге туған бауыр, бірінен кейін бірі туған бір әкенің балаларын төте бауыр, бір әкеден туған, жастары үлкенді-кішілі адамдарды туған бауыр дейді. Бауырдың кішісі өзінен үлкенге арқа сүйеп еркелесе, үлкені жақсысына сүйініп, жаманына күйінеді, тілегін тілеп, ақыл-кеңес береді. Кейде немере, шөберелер, тіпті рулас адамдар да бірін-бірі бауыр дейді. Қазақтар жақыны қайтқанда «Ой бауырымдап» дауыс салып келеді. Бұл дәстүрлі қазақ қоғамында бауырдың өте үлкен мәнге ие екендігін білдірсе керек. Құдалық барысында жақын туыс болғандығын білдіретін «құйрық-бауыр жеу» дәстүрі көне наным-сенімнен туған. Этнотілдік ұжымның сөз қолданысындағы бауыры езілу, жер бауырлап қалу, жерден бауырын көтере алмай қалу сынды тіркестер қатты қапалық пен қайғыға душар болған адамға қатысты айтылатын сөз орамдары. Мұның негізінде ең жақын, етжақын туыс дегенді білдіретін ұғым жатыр. Қазақ тіліндегі бауыр басу, бауырына тарту, бауыры езілу, бауырын көтеру, т.б. ауыспалы мәні бар қолданыстар да әр алуан эмоционалдық-экспрессивтік реңктерді иемденеді. Ферғана өзбектерінің әдет-ғұрпын мұқият зерделеген ғалым Б.

Кармышева былай депті: «Еуропалықтардағы жүрек сияқты, Орта Азия халықтары үшін сезімнің шоғырланған орнын бауыр сипаттайды». Тілімізде «Бала – адамның бауыр еті» деген тұрақты сөз орамы бар. Бауыр еті – өте жақын, қымбаттысы. Бала адамның бауыр еті емес пе? Басына күн тиіп, табанына шөгір кірген құлыншағына қол тигізу ата-анаға да оңай болмаса керек (М.Ермеков) [4; 134]. Бұл тілдік бірліктерді де биология пәнімен кіріктіре оқытуға болады. Бауыр — қанды тазартуға және удан арылтуға көмектесетін, дененің құрсақ бөлігіндегі оң жақ қабырғалардың астына орналасқан ішкі мүше. Қанның тазалығын сақтау мақсатында қазақ халқы бауырымен қыз алыспайды. Жеті атаға дейінгі туыстық қарым-қатынасты сақтайды, оған дейін өздерін туған бауырмыз деп есептейді. Сонымен қатар, бауыр денеміздегі ішкі мүше болса, туыстық атаудағы бауыр түсінігі де отбасы, ру ішінде қолданылатын, бізге ең жақын адамдар. Қазақта «Үйдің жақсысы – ағашынан, жігіттің жақсысы – нағашыдан» деген мақал бар. Осы мақалды биология пәнімен кіріктіре оқыта аламыз. Дезоксирибонуклеин қышқылы (ДНҚ) - тірі организмдердегі генетикалық ақпараттың ұрпақтан-ұрпаққа берілуін, сақталуын, дамуы мен қызметін қамтамасыз етуіне жауапты нуклеин қышқылының екі түрінің бірі. ДНҚ-ның жасушадағы басты қызметі - ұзақ мерзімге РНҚ мен ақуызға қажетті ақпаратты сақтау. Ген – белгілі бір ақуыздың өндірілуін кодтайтын ДНҚ ұзындығын сипаттау үшін қолданылатын термин. Мысалы, гемоглобин мен инсулинді, сондай-ақ, шаш пен көздің түсі, ақыл-ой және мінез-құлық сияқты ерекшеліктерді анықтайтын гендер бар. Бала генетикалық ақпаратты ата-анасынан толықтай алмайды. Әке мен анадан жарты-жартыдан алады. Соның ішінде, ғалымдардың айтуынша, қыз балаға әкесі жағынан интеллект көбірек беріледі екен. «Ақыл-ойдың» генетикалық берілу схемасына назар аударайық. Қыз әкесінен ақыл-ой қабілеттерін алады, бірақ жартысы ғана. Ұл балалар аналарының ақыл-парасатын мұра етеді, аналары өз



кезегінде оны әкелерінен алған. Яғни, ұлға берілетін ақыл-ой оған нағашы аталарынан келген. Осылайша, үш ұрпақтан тұратын отбасында немересі мен атасы бірдей интеллект деңгейіне ие болады. Жоғарыда келтірілген қазақ мақалының ғылыми негіздемесі бар деп айта аламыз. Қазақтың дана халық екеніне тағы бір көз жеткіземіз. Осы тілдік бірлікті биология пәнімен кіріктіре оқыта аламыз. Қорыта келгенде, қазақ тілін басқа пәндермен кіріктіре оқытуда аксеологемаларды қолдануға болатынына көз жеткізіп отырмыз. Педагогикалық интеграцияның пәндік формасы оқушыларда объективті қызметтің рухани, әлеуметтік, табиғи және техникалық салалары туралы тұтас идеялар құруда қолданылады. Интегративті процестің тұжырымдамалық формасы объектілердің интеграциясын жаңа бағалаудың, құндылық бағдарларының, жаңа көзқарастардың, қатынастардың, жаңа шешімдердің, нормалардың, идеялардың пайда болуына әкеледі. Педагогикалық формалардың әрқайсысы: оқу тақырыбы, пән, оқу жоспары, сабақ технологиясы және т.б. — өзінің мәні бойынша әр түрлі объектілерді біріктіре алады. Егер мұғалім тақырыпты ашуға оқушылардың өзіндік тәжірибесін, ата-бабаларының ойын, рухани және техникалық салалардағы зерттеулерін және т.б. қатыстырса, пәнаралық интеграция пәндік-бейнелі формаға ие бола алады. Пәндік-бейнелеу – бұл идеялармен, материалдық заттармен, естеліктермен, қатынастармен және ұқсас категориялармен жұмыс жасау. Бұл интегративті тақырып тұжырымдамалық интеграция ретінде құрылуы мүмкін. Тақырыптың бір немесе екі жетекші тұжырымдамасы алынады және оларды басқа ғылымдарда немесе мәдениеттерде қолдануға болады. Сабақ интегративті тақырыбы мәні бойынша әртүрлі болуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Безрукова В.С. Интеграционные процессы в педагогической теории и практике.

Монография, Екатеринбург. - гос. инж.-проект. ин-т, 1994.- 152 с.

Момынова Б. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалауыштық,

сөзжасам. – Алматы, 2005 ж.

Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, 1998.

– 196 бет.

Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы, 2007. – 800 бет.

Түсіпбекова Ғ.А. Қазіргі қазақ тіліндегі бағалау мағынасы және оның құрылымдық жүйесі.

/ Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған

диссертацияның авторефераты/ Астана, 2007 ж.